


«КЕЛІСІЛДІ»  
Байғанин ауданының білім  
бөлімінің басшысы  
 М.Қ.Дабысов  
«\_\_» \_\_ 2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»  
«Қажығали Мұханбетқалиұлы  
атындағы орта мектеп-гимназия» КММ  
директоры  Б.Ж.Нуртазина  
«\_\_» \_\_ 2023 ж.

**Ақтөбе облысы білім басқармасы**  
**Байғанин ауданының білім бөлімі**  
**«Қажығали Мұханбетқалиұлы**  
**атындағы орта-мектеп гимназия» КММ**  
**2023-2024 оқу жылына арналған**  
**ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ**

Қарауылкелді 2023 жыл

## **Мазмұны**

- 1.Түсінік хат    2-6 бет**
- 2. Қазақ тілінде оқытылатын мектепалды даярлық тобының оқу жоспары   7 бет**
- 3. Қазақ тілінде оқытылатын 1,2,3,4 сыныптардың оқу жоспары        8-9 бет**
- 4. Қазақ тілінде оқытылатын 5,6,7,8,9 сыныптардың оқу жоспары    10 бет**
- 5. Қазақ тілінде оқытылатын 5,6,7,8,9 гимназия сыныптарының оқу жоспары 11-12 бет**
- 6. Қазақ тілінде оқытылатын 10,11 гимназия сыныптардың оқу жоспары   13-14 бет**
- 7. Қазақ тілінде оқытылатын 10 сынып оқу жоспары        15-16 бет**

## **Түсінік хат**

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясында оқу жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделіп әзірленді. Жалпы білім беретін орта мектептің мектепке дейінгі даярлық сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:

**Мектепалды даярлық сыныптары/топтарында және 1-4-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (№1 қосымша);

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығының 1 қосымшасы.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы жоспарлары (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, тандау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)

**5-11-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы); Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022

жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістер енгізілген;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, тандау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықтарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, тандау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқуағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен)

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 494 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)

«Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)

10-сыныпты оқытудағы басты ерекшелік білім алушыны нақты мамандануға және оның болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта тандауы мүмкін мамандығына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін тандауға бағыттау болып табылады.

10-11 сыныптардың игеруіне бұрын оқығандарын жинақтауға бағытталған, үлкен өмірге аяқ басқан орта мектеп түлегіне қажетті жиынтық болып табылатын құзыреттілігін одан әрі дамыту мен орнықтыруды мақсат ете отырып, оқушылардың басты жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімдерін тереңдету болып табылады.

Гимназия (5а,6а,7а,8а,9а, 10а, 11а ) сыныптарда білім беру процесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (19, 27-қосымшалар) (2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (16, 24-қосымшалар) негізінде жүргізіледі.

Оқу ұзақтығы:

2023-2024 оқу жылының ұзақтығы: мектепалды даярлық, 1-сыныптарда – 33 апта, 2-11(12)-сыныптарда – 34 апта, 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясында екі мектепалды даярлық сыныптарын қоса алғанда 25 класс комплектісі жинақталып, онда барлығы 554 оқушы білім алуда.

### **Мектеп құрылымы:**

1- деңгей: бастауыш деңгей(1-4 кластар) теориялық ойлау элементтерімен, өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі түзету арқылы тәртібі мен мәдениетін қалыптастырады.

2-деңгей: (5-9 кластар) негізгі деңгей негізгі мектептің негізгі және қосымша пәндерін меңгере отырып, өзін-өзі дамыту және түзету дағдыларын қалыптастыру, өз бетінше бағдарлау және шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру арқылы білім алушы тұлғасын қалыптастыруға бағытталған.

3-деңгей: (10-11 кластар) жоғарғы деңгей – бейін бойынша негізгі қосымша білім беру бағдарламасын меңгеру негізінде, саралап оқыту, мамандыққа баулуға арналған.

### **Бастауыш деңгейі бойынша:**

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады

Вариативті компоненттен, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар түрінде қызықты математикадан түрлі есептеу тәсілдерін дамыту мақсатында 1 сыныптарға 1 сағаттан -2 оқу сағаты, логика әлемінен оқушылардың математикалық, логикалық қабілеттерін арттыру мақсатында 2 сыныптарға 1 сағаттан - 3 оқу сағаты, жұмбақтар сандығы 1 сағаттан - 3 оқу сағаты, 3 сыныптарға ғажайып математика 1 сағаттан -2 оқу сағаты, математикадан түрлі есеп шығаруды дамыту мақсатында 4 сыныптарға логика әлемінен 1 сағаттан -2 оқу сағаты берілді.

Бастауыш деңгейі бойынша барлығы вариативті 12 оқу сағаты берілген.

### **Негізгі деңгей бойынша:**

Вариативтік компоненттен жаһандық құзіреттілік курсынан 5 сыныптарға білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамыту мақсатында «Парасаттылық және әдеп» курсына 1 оқу сағаты, 6 сыныпқа білім алушыларды экологияның негізгі заңдылықтарымен таныстыру, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйрету мақсатында «Экология» курсына 1 сағат, 7 сыныпқа ақпаратты сыни қабылдау дағдыларын, коммуникативтік дағдыларын, дұрыс шешім қабылдауды, эмоционалды сауаттылықты дамытудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтуды үйрету үшін «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» курсына 1,5 сағат, 8 сынып білім алушыларын ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйрету мақсатында «Медиасауаттылық» курсына 1 сағат, 9 сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсынан дінді зайырлы таным аясын тану мақсатында 2 оқу сағаты берілді.

Негізгі деңгей бойынша барлығы 6,5 сағат берілді.

Негізгі деңгей бойынша инварианттық компоненттен 7а қазақ тілі -1 сағат, геометрия-1 сағат, География-1 сағат, 8а сыныпта қазақ әдебиеті -1 сағат, алгебра -1 сағат және география -1сағат, 9 класта қазақ әдебиеті -1 сағат, геометрия-1 сағат және география-1 сағат комбинациялары таңдалды.

Гимназия компонентінен - 5 сыныптарға жаратылыстанудан оқушылардың ой-өрісін кеңейту, табиғатты танып білу мақсатында «Табиғатты танып білу» тақырыбында 1 оқу сағаты математикадан «Логикалық есептер» 1 оқу сағаты, Қазақстан тарихынан «Мәдени мұра» тақырыбында 1 оқу сағаты, «Шахмат» 1 оқу сағаты, қазақ тілінен «Эссе және оның түрлері» 1 сағат берілді.

6 сыныптарға математикадан «Бөлшектерге амалдар қолдану» тақырыбында 1 сағат, жаратылыстанудан «өсімдіктер физиологиясы» 1 сағат, Қазақстан тарихынан «Қазақ хандары» 1 сағат, қазақ тілінен «сөз өнері» 1 сағат, қазақ тілінен «Тіл әлеміне саяхат» жаратылыстанудан «Өсімдіктер физиологиясы» 1 сағат гимназия компоненттері берілді.

7 сыныптарға Физикадан «Физика менің өмірімде» 1 сағат, химиядан «Қызықты химия» 1 сағат, Қазақстан тарихынан « Қазақ шежіресі», Биологиядан «Биология және денсаулық» -1 оқу сағаты алынды.

8 сыныптарға математикадан «Функциональдық сауаттылықты арттыру есептері» 1 сағат, физикадан «Жылу элетр және электромагниттік құбылыстар» тақырыбында 1 сағат, химиядан « Химиядан сандық есептерді шығару » -1 оқу сағаты, Қазақстан тарихынан «Орта ғасырдағы тарихи шығармалар» 1 сағат, Географиядан «Қазақстанның физикалық географиясы», математикадан «Функционалдық сауаттылықты арттыру» тақырыбында 1 сағат берілді.

9 сыныптарға математикадан «Pisa есептері» 1 сағат, физикадан «Механика негіздері» курсынан 1 сағат, химиядан «Химиядан сандық есептер шығару» 1 сағат, биологиядан «Генетика және селекция» 1 сағат, химиядан «Ағылшын тіліндегі биоорганикалық химия» тақырыбында 1 сағат берілді. Элективті курсқа 1 сағат «Абайтану» курсы алынды.

Гимназия компонентінен барлығы 24 сағат берілді.

#### **Жоғары деңгей бойынша:**

Вариативті компоненттерден 10,11 сыныптарға жаһандық құзіреттілік бойынша білім алушылар кәсіпкерлік негіздерін, қаржылық сауаттылықты үйренуін, экономика, менеджмент, маркетинг бойынша базалық білім алуын, қазіргі нарықтық жағдайларда дербес қызмет ету үшін қажетті кәсіпкерлік ойлау дағдыларын меңгерту мақсатында 1 сағаттан 3 оқу сағаты берілді. Элективті курс есебінен 10 сыныпта «Ахметтану» 2 сағат, «Ұлттық құндылық» 1сағат, 11 сыныпта Қазақстан тарихынан «Алаштану» 1 сағат берілді. Барлығы 4 сағат берілді.

Гимназия сыныптарына 10 сыныпқа физикадан есептермен жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыру мақсатында «Физикадан күрделі есептерді шығару» тақырыбында 1 сағат, биология пәнінен «Генетика ғажайыптары» 1 сағат, Қазақ әдебиетінен «тіл мәдениеті» 1 сағат, математикадан «математикадан стандарт емес есептерді шешу» 1 сағат, химиядан «химия есептерінің сырлары» 1 сағат, 11 сыныпқа биологиядан қоршаған ортаны қорғау мақсатында «Биомедицина және денсаулық» 1 сағат, физикадан « Физикадан есептерді шешу тәсілдері» 1 сағат, математикадан «Математиканың күрделі тақырыптары» 1 сағат, химиядан «Химиядан күрделі есептерді шығару» 1 сағат, Қазақ тілінен «Мәтін және оның түрлері» тақырыбында 1 сағат берілді. Гимназиялық компоненттен барлығы -10 сағат

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназияның жұмыс оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы аясында жасалды.

Оқу жұмыс жоспары мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде білім беру ұйымдары тандай алатын оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспары бойынша қарастырылған.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)

«Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)

2023-2024 оқу жылында жұмыстық оқу жоспары жалпы орта білім берудің мазмұнының құрылымы мен құрамына оқушының дайындық деңгейін ескере отырып жасалды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту  
министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі  
№394 бұйрығына 3-қосымша;

Қазақстан Республикасы Білім және  
ғылым министрінің 2012 жылғы  
20 желтоқсандағы №557 бұйрығына  
3-қосымша

| № | Білім беру саласы                                                                  | Топтар бойынша апталық сағат саны |           | Апталық сағат саны |
|---|------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|-----------|--------------------|
|   |                                                                                    | МАД (а)                           | МАД (ә)   |                    |
| 1 | Дене шынықтыру                                                                     | 3                                 | 3         | 6                  |
|   | Дене шынықтыру***                                                                  | күн сайын                         | күн сайын |                    |
| 2 | Сөйлеуді дамыту                                                                    | 2                                 | 2         | 4                  |
|   | Көркем әдебиет                                                                     | 2                                 | 2         | 4                  |
|   | Қарым-қатынас іс-әрекеті                                                           | күн сайын                         | күн сайын | 4                  |
|   | Қазақ тілі                                                                         | 2                                 | 2         | 4                  |
|   | Қазақ тілі***                                                                      | күн сайын                         | күн сайын |                    |
| 3 | Сауат ашу негіздері                                                                | 3                                 | 3         | 6                  |
|   | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет                                       | күн сайын                         | күн сайын |                    |
| 4 | Математика негіздері                                                               | 3                                 | 3         | 6                  |
|   | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті                                             | күн сайын                         | күн сайын |                    |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру                                                         | 2                                 | 2         | 2                  |
|   | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | күн сайын                         | күн сайын |                    |
| 6 | Сурет салу                                                                         | 1                                 | 1         | 1                  |
|   | Мүсіндеу                                                                           |                                   |           |                    |
|   | Жапсыру                                                                            |                                   |           |                    |
|   | Құрастыру                                                                          |                                   |           |                    |
| 7 | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті                                        | күн сайын                         | күн сайын |                    |
|   | Музыка                                                                             | 2                                 | 2         | 4                  |
|   | Музыка***                                                                          | күн сайын                         | күн сайын |                    |
| 8 | Барлығы                                                                            | 20                                | 20        | 40                 |

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту  
министрінің 2023 жылғы «18» тамыздағы  
№ 264 бұйрығына 1-қосымша  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №  
500 бұйрығына 1-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің  
(төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары**

| №                                                       | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны |          |          |          |          |          |          |          |          | Жалпы жүктеме, сағат |        |
|---------------------------------------------------------|---------------------------------|-------------------------------------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|----------------------|--------|
|                                                         |                                 | 1<br>«а»                            | 1<br>«ә» | 2<br>«а» | 2<br>«ә» | 2<br>«б» | 3<br>«а» | 3<br>«ә» | 4<br>«а» | 4<br>«ә» | апталық              | жылдық |
| Инварианттық компонент                                  |                                 |                                     |          |          |          |          |          |          |          |          |                      |        |
|                                                         | Тіл және әдебиет                | 6                                   | 6        | 9        | 9        | 9        | 11       | 11       | 11       | 11       | 83                   | 2810   |
| 1                                                       | Әліппе, Ана тілі                | 6                                   | 6        | -        | -        | -        | -        | -        | -        | -        | 12                   | 396    |
| 2                                                       | Қазақ тілі                      | -                                   | -        | 4        | 4        | 4        | 4        | 4        | 4        | 4        | 28                   | 952    |
| 3                                                       | Әдебиеттік оқу                  | -                                   | -        | 3        | 3        | 3        | 3        | 3        | 3        | 3        | 18                   | 648    |
| 4                                                       | Орыс тілі                       | -                                   | -        | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 14                   | 476    |
| 5                                                       | Шетел тілі                      | -                                   | -        | -        | -        | -        | 2        | 2        | 2        | 2        | 8                    | 272    |
|                                                         | Математика және информатика     | 4,5                                 | 4,5      | 5        | 5        | 5        | 6        | 6        | 6        | 6        | 48                   | 1623   |
| 6                                                       | Математика                      | 4                                   | 4        | 4        | 4        | 4        | 5        | 5        | 5        | 5        | 40                   | 1352   |
| 7                                                       | Цифрлық сауаттылық              | 0,5                                 | 0,5      | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 8                    | 271    |
|                                                         | Жаратылыстану                   | 1                                   | 1        | 1        | 1        | 1        | 2        | 2        | 2        | 2        | 13                   | 440    |
| 8                                                       | Жаратылыстану                   | 1                                   | 1        | 1        | 1        | 1        | 2        | 2        | 2        | 2        | 13                   | 440    |
|                                                         | Адам және қоғам                 | 1                                   | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 9                    | 304    |
| 9                                                       | Дүниетану                       | 1                                   | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 9                    | 304    |
|                                                         | Технология және өнер            | 3                                   | 3        | 3        | 3        | 3        | 2        | 2        | 2        | 2        | 23                   | 776    |
| 10                                                      | Музыка                          | 1                                   | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 1        | 9                    | 304    |
| 11                                                      | Көркем еңбек                    | -                                   | -        | -        | -        | -        | 1        | 1        | 1        | 1        | 4                    | 136    |
| 12                                                      | Еңбекке баулу                   | 1                                   | 1        | 1        | 1        | 1        | -        | -        | -        | -        | 5                    | 168    |
| 13                                                      | Бейнелеу өнері                  | 1                                   | 1        | 1        | 1        | 1        | -        | -        | -        | -        | 5                    | 168    |
|                                                         | Дене шынықтыру                  | 2                                   | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 27                   | 726    |
| 14                                                      | Дене шынықтыру                  | 2                                   | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 2        | 27                   | 726    |
| Инварианттық оқу жүктемесі                              |                                 | 17,5                                | 17,5     | 21       | 21       | 21       | 24       | 24       | 24       | 24       | 194                  | 6561   |
| Вариативтік компонент                                   |                                 |                                     |          |          |          |          |          |          |          |          |                      |        |
| Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар |                                 | 1                                   | 1        | 2        | 2        | 2        | 1        | 1        | 1        | 1        | 12                   | 406    |
| Қызықты математика                                      |                                 | 1                                   | 1        |          |          |          |          |          |          |          | 2                    | 66     |
| Логика әлемі                                            |                                 |                                     |          | 1        | 1        | 1        |          |          |          |          | 3                    | 102    |
| Жұмбақтар сандығы                                       |                                 |                                     |          | 1        | 1        | 1        |          |          |          |          | 3                    | 102    |

|                                       |      |      |    |    |    |    |    |    |    |       |      |
|---------------------------------------|------|------|----|----|----|----|----|----|----|-------|------|
| Ғажайып математика                    |      |      |    |    |    | 1  | 1  |    |    | 2     | 68   |
| Логика әлемі                          |      |      |    |    |    |    |    | 1  | 1  | 2     | 68   |
| Вариативтік оқу жүктемесі             | 1    | 1    | 1  | 1  | 1  | 1  | 1  | 1  | 1  | 8     | 304  |
| Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі | 19,5 | 19,5 | 24 | 24 | 24 | 26 | 26 | 26 | 26 | 213,5 | 7271 |

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту  
министрінің 2022 жылғы «12» тамыздағы  
№ 365 бұйрығына 6-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №  
500 бұйрығына 6-қосымша

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің  
жұмыс оқу жоспары**

| №                     | Білім салалары және оқу пәндері       | Сыныптар бойынша апталық сағат саны |       |       |       |       |       | Жалпы жүктеме, сағат |        |
|-----------------------|---------------------------------------|-------------------------------------|-------|-------|-------|-------|-------|----------------------|--------|
|                       |                                       | 5 «ә»                               | 6 «ә» | 7 «ә» | 7 «б» | 8 «ә» | 9 «ә» | апталық              | жылдық |
|                       | Тіл және әдебиет                      | 11                                  | 11    | 11    | 11    | 11    | 11    | 66                   | 2224   |
